

Қауымдық сервитут беогілеу туралы

Маңғыстау облысы Қарақия ауданы Құрық ауылы әкімінің 2024 жылғы 22 тамыздағы № 178 шешімі.

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 19, 69 баптарына сәйкес, Құрық ауылдарының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Осы шешімнің қосымшасына сәйкес Құрық ауылы жерінен жалпы көлемі 4,0 гектар жер участкесі "СМК - Атамекен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне теңіз суын алу және концернатты ағызу құбырларын төсеу және теңіз түбінен алынған топырақты уақытша сақтау, кәдеге жарату үшін жер пайдаланушылардан алып қоймай 2025 жылдың 31 желтоқсанға дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Құрық ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялануға жіберуді;

2) осы шешімнің оны ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Қарақия ауданы әкімдігінің интернет – ресурстарына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Әкім

С. Есенкелдіұлы

Шешімге қосымша

Қауымдық сервитут белгіленетін жер участкелерінің тізімі

№	Жер участкелері берілетін жердегі жер пайдаланушылардың атаулары мен жер санаттары	Қауымдық сервитут белгілеу көлемі, га
I	Құрық ауылдарының жері	4,0
1	"АК SU KMG" ЖШС (131970171037)	1,8659
Барлығы:		4,0